

А. Қожахметова* 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: akony_8484@mail.ru

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СИНЕРГЕТИКА ҒЫЛЫМЫ

Аннотация. Мақалада синергетика жаңа ғылыми бағыт ретінде қарастырылып отыр. Қазіргі ғылым үшін маңызды болып табылатын синергетика ұғымының парадигмалық мәнін ашу маңызды болып табылады.

Мақалада заманауи лингвистикадағы жаңа бағыт ретіндегі лингвосинергетиканың базалық түсінігі ашылып, «синергия» ұғымын зерттеген ғалымдардың тұжырым-пікірлеріне сипаттама беріледі. Синергетика тіл білімі үшін жаңа пәнаралық ғылым ретінде, зерттеу пәні әртүрлі күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру процестері болып табылады, қазіргі уақытта оның ең жан-жақты анықтамасы мен әдіснамалық аппаратын іздеу өз алдына бір мәселе болып отыр. Синергетика – бұл ғылыми бағыт, методологиялық әдіс, күрделі яғни бірсызықтық емес (нелинейный) күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастырушы. XX ғасырдың ғылымы өзін-өзі дамыту арқылы жаңа парадигмасын біртіндеп қалыптастырып келеді, оны 70-жылдардың басында Г.Хакен «синергетика» деп атады.

Бүгінгі таңда синергетика интеграцияланған гуманитарлық ғылымдар саласында белсенді түрде қолданыла бастады. Осы мәніне сәйкес синергия – мәселесі жаратылыстану саласындағыдай тілдің ішкі заңдылықтарының тұтасып, ұйымдасу сипатына сай тіл біліміне де ене бастады. Қазіргі тіл білімінің антропоэлектік бағытына сай өзектелген сөз синергиясын айқындау тілді зерттеу үдерісінде де қарастырыла бастады.

Тірек сөздер: синергетика, синергия, лингвосинергетика, өзін-өзі ұйымдастыру.

А. Қожахметова*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: akony_8484@mail.ru

СИНЕРГЕТИЧЕСКОЙ ПАРАДИГМЫ В ЯЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению синергетики как нового научного направления. Раскрытие парадигмальной сущности понятия синергетики, являющегося важным для современной науки, представляется весьма актуальной проблемой.

В статье исследуется базовое понятие лингвосинергетики как нового направления в современной лингвистике, анализируются взгляды и концепции ученых, занимавшихся изучением понятия «синергия». Синергетика представляет собой новую междисциплинарную дисциплину, предметом ее исследования являются процессы самоорганизации различных сложных систем, в настоящее время одной из важнейших проблем выступает определение ее методологического аппарата и поиск наиболее полной дефиниции. Синергетика – это научное направление, методологический метод, самоорганизатор сложных, т. е. нелинейных сложных систем. Наука XX века через саморазвитие постепенно сформировала свою новую парадигму, которую в начале 70-х годов Г. Хакен назвал «синергетикой».

Сегодня синергетика стала активно использоваться в области интегрированных гуманитарных наук. Проблема синергии, как и в естественно-научной сфере, стала

проникать в языкознание в соответствии с характером интеграции и организации внутренних закономерностей языка. В соответствии с антропоцентрической направленностью современного языкознания в процессе изучения языка стало рассматриваться и определение актуализированной синергии слова.

Ключевые слова: синергетика, синергия, лингвосинергетика, самоорганизация.

A. Kozhahmetova*

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: akony_8484@mail.ru

SYNERGETIC PARADIGM IN LINGUISTICS

Abstract. The article is devoted to the consideration of synergetics as a new scientific direction. The disclosure of the paradigmatic essence of the concept of synergetics, which is important for modern science, seems to be a very urgent problem.

The article examines the basic concept of linguosynergetics as a new direction in modern linguistics, analyzes the views and concepts of scientists involved in the study of the concept of "synergy". Synergetics is a new interdisciplinary discipline, the subject of its research is the processes of self-organization of various complex systems, at present one of the most important problems is the definition of its methodological apparatus and the search for the most complete definition. Synergetics is a scientific direction, a methodological method, a self-organizer of complex, non-linear complex systems. Science of the twentieth century through self-development gradually formed its new paradigm, which in the early 70 G. Haken called "synergetics".

Today, synergetics has become actively used in the field of integrated humanities. The problem of synergy, as in the natural sciences, began to penetrate into linguistics in accordance with the nature of integration and organization of the internal laws of the language. In accordance with the anthropocentric orientation of modern linguistics, in the process of learning a language, the definition of the actualized synergy of the word began to be considered.

Keywords: synergetics, synergy, linguosynergetics, self-organization.

Кіріспе

Қазіргі заманғы тіл ғылымы қатынас құралы қызметімен қатар кумулятивтік, танымдық қызметтеріне де айрықша назар аударылып отыр. Тілді зерттеудің антропоэлектік бағытына сәйкес тіл ғылымын психология, мәдениеттану, тарих, әлеуметтану, этнография сияқты салалармен байланысты зерттеу нәтижелері қазақ тіл білімі үшін де маңызды. Осы тұрғыдан қазақ тіл білімінде соңғы жылдары психолингвистика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика сияқты басқа ғылым салаларымен тоғысатын тіл білімінің жаңа бағыттары бойынша көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Осының негізінде көптеген жаңа бағыттар пайда болып, тілдік бірліктерді әртүрлі қырынан зерттеп келеді. Сондай бағыттардың бірі лингвосинергетика ғылымы.

Жаратылыстану ілімдері саласынан ауысқан синергетика термині компоненттер мен кіші жүйелердің құрылымындағы бір-бірімен күрделі түрде әрекеттесуі нәтижесінде іштей ұйымдасуға әкелетін ортақ жүйені анықтайтын пәнаралық бағытқа қатысты қолданылады. «Синергетика» терминін 1970 жылы Штутгарт университетінің профессоры, неміс физик теоретигі Г. Хакен енгізген. Синергетикалық бағытты құрушы ғалым Г. Хакен зерттеу еңбегінде осы пәнаралық ғылыми бағыттың төмендегідей белгілерін көрсетеді: «Зерттелетін жүйелер бір-бірімен өзара әрекеттесетін бірнеше бөлшектерден тұрады, бұл жүйелер ішкі және сыртқы тербелістерге бағынышты, бейсызықтық, тұрақсыз болып табылады, әрі жаңа қасиеттер көрініс табады» (Хакен, 1980).

Материал және әдістер

Тіл білімінде синергетикалық тәсілдің қалыптасуы, ең алдымен тілдік құбылыстары мен тілдің өзі тепе-теңдіксіз жағдайда өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі реттеуге қабілетті ашық, диссипативті, сызықтық емес жүйелер деген ұстанымға байланысты. Германияда 80-ші жылдары құрылған синергетиканың лингвистикадағы алғашқы кезеңін лингвистикалық синергетика деп шартты түрде атауға болады. Синергетиканың лингвистикадағы жалғасын ХХ ғасырдың 90-шы жылдардың басында Ресейде қалыптасқан лингвосинергетика парадигмасы деп айтуға болады. Аталған бағытты синергетикалық үрдіс арқылы зерттеушілер сөйлеу әрекеттері, сондай-ақ мәтіндік және дискурсивті кеңістіктегі мағына туындату мәселелері қарастырды. Лингвосинергетика бойынша келесі зерттеулерді атап өтуге болады: В.И. Аршинов, Я.И. Свирский «Синергетическое движение в языке» (1994); В.А. Пищальникова «Речевая деятельность как синергетическая система» (1997); И.А. Герман, В.А. Пищальникова *Введение в лингвосинергетику* (1999); И.А. Герман *Речевая деятельность как самоорганизующаяся система: к становлению лингвосинергетической парадигмы* (1999); *Лингвосинергетика* (2000); В.Н. Базылев *Новая метафора языка (семиотика-синергетический аспект)* (1999). Бакиев А.Г. «Лингвосинергетическая интерпретация метафоры Т. Пратчетта (на материале произведений из цикла «Плоский мир»)» (2015).

Д.С. Чернавский синергетиканы әртүрлі табиғат жүйелеріндегі тұрақсыздықтың жалпы теориясы ретінде анықтайды (Чернавский, 2004), ал С.П. Курдюмов пен Е.Н. Князева «синергетика» терминін әлемнің күрделі жүйелерінің эволюциясы мен өзін-өзі ұйымдастыру теориясы ретінде түсіндіреді (Князева, Курдюмов, 1994). Сонымен синергия тілдік бірліктердің әркелкілігін семантикалық тұрғыдан көпмағыналылық пен мағынаның шексіз ұлғаюын қалыптастыратын үдеріс болып табылады.

Синергетика жаңа пәнаралық парадигма ретінде басқа бағыттардан айырмашылығы өзіндік спецификасы бар бағыт. З.Т. Фокинаның пікірінше: «Егер жүйелердің жалпы теориясы, кибернетика жүйелердің жеткілікті түрдегі жоғары ұйымдастырушылық деңгейін қарастырса: биологиялық, әлеуметтік, техникалық және жансыз табиғаттың жүйелі ұйымдасуын қарастырмайды, ал синергетика қарапайымнан ең күрделі жүйелерді қарастырады» (Фокина, 2011).

Көптеген ғалымдардың беделді пікірлерінен кейін «синергетика» термині күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы саласындағы пәнаралық зерттеулердің жалпы атауын білдіреді. Демек, синергетиканың қағидасына сай кез келген жүйе тұрақсыз, тепе-теңсіз, ашық, динамикалық, бейсызықтық өзін-өзі ұйымдастырушы сипатта дамиды.

Әдебиетке шолу

Синергетиканың объектілері динамикалық, ашық, диссипативті жүйелер болып табылады. Көптеген зерттеушілер тіл осы қасиеттердің бәрін иеленетіндіктен синергетика объектісі бола алады деп тұжырымдайды. Синергетика объектілері мен үрдістері жалпы ғылыми феномен бола отырып, көптеген жеке ғылымдардың нысандарын зерттеуде қолданыс тауып отыр. Сондай-ақ тілтанымдық зерттеулерге де біртіндеп еніп келеді.

Осылайша синергетика пәнаралық бағытының ашық, диссипативті жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру үдерістерін зерттеудің тиімді методологиясы туындады.

Өзін-өзі ұйымдастырушы жүйесіне Б.Г. Юдин былай деп анықтама береді: «Самоорганизующийся системы можно определить как системы, способные при активном взаимодействии со средой изменять свою структуру, сохраняя в то же время целостность и действуя в рамках закономерностей, присущих окружению, выбирать одну из возможных линий поведения. Такая система может учитывать большое число факторов, каждый из которых меняется в широких пределах, т.е. способна осуществлять контроль, регулирование или управление чрезвычайно сложными процессами» (Юдин, 1970). Демек, синергетика – күрделі жүйелерді зерттейтін жаңа пәнаралық бағыт. Осының нәтижесінде жүйелердің өзара ұйымдасуына алып келетін үдерістер туындайды.

Лингвосинергетика мәтіндегі/дискурстағы мағына туындатуы мен мағынаны қабылдау үдерістерінде басқаша көзқараспен қарауды жөн санайды. И.А. Герман мен В.А. Пищальникова атап көрсеткендей, «синергетикалық тәсіл лингвистикалық және психолингвистикалық объектілерді зерттеудің дискретті-құрылымдық пен континуалды-құрылымдық принциптерді біріктіретін және тілдің қасиеті/сөйлеу әрекеті объектінің өзіне тән, оның өмір сүруі мен сипаттамасына қарай қасиеттерінің қалыптасу тәсіліне байланысты құрылып, тілдің тұтас концепциясын құрайды» (Герман..., 1999).

Мәтін бірінші кезекте лингвосинергетиканың тікелей объектісі болып табылады. Н.В. Дрожащихтың пікірінше, мәтін адам мен қоршаған ортаның өзара әрекетін жүзеге асыратын үлкен тілдік бірлік. Лингвосинергетика тұрғысынан мәтін жеке өмір сүрмейді, ол үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік контекстпен тікелей байланысты (Дрожащих, 2012).

Лингвосинергетика немесе лингвистикалық синергетика тілді зерттеудегі пәнаралық тәсіл болып табылады. Синергетикалық принциптерді тілді зерттеуде қолданудың қажеттілігі туып отыр, өйткені тіл ашық, динамикалық, сызықтық емес, өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде синергия жүйесінің барлық критерийлеріне сәйкес болып тұр.

Тіл де – іштей дамып, өзі ұйымдаса алатын динамикалық күрделі жүйе. Лингвосинергетика – тілді адами, әлеуметтік, биопсихикалық, когнитивтік және әлеуметтік құбылыстар ретінде танитын жаңа парадигма. Лингвосинергетика негізінен тілдің өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде сыртқы ортамен (коммуниканттардың санасы мен тілдің жалпы жүйесімен) тығыз байланысты (Манкеева, 2021). Демек, қазіргі таңда тіл осы синергетикалық бағытта өзін-өзі реттеуші сызықтық емес (нелинейный) динамикалық жүйе ретінде қарастырылуда. Лингвосинергетика – көптеген бағыттарды біріктіре отырып, мәтіндегі мағынаны ашық, диссипативті, динамикалық жүйе ретінде қарастырады.

Мәтінді зерттеуші лингвистер мәтіннің құрылымына да назар аударады, ол жүйенің тепе-тең емес, тұрақты күйі ретінде берілген, қоршаған ортада қозғалып, онда қайта реттелуге қабілеті бар екендігі де айтылады. Ғалым В.А. Пищальникова көрсеткендей, «мәтін – бұл тілдік элементтердің сызықтық тізбегі емес, бірақ белгілі бір мағыналық сызықтық емес, күрделі, иерархиялық ұйымдасқан тұтастықтың өкілі (репрезентант)» (Герман..., 1999).

Сонымен, қазіргі тіл білімінде зерттеудің жаңа аспектісі синергетикалық парадигма тұрғысынан зерттеуге бет бұрып келеді. Осымен байланысты тілді талдаудың синергетикалық әдісі мұқият назар аударатын қарастыруды талап етеді.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі тілдің «жаңаша шынайылығын» ашуға мүмкіндік бере отырып, жаңа қырынан зерттеуге жол ашатын жаңа парадигмалардың бірі осы синергетика парадигмасы. Қазақ тіл ғылымында да жаңадан қалыптасып келе жатқан синергетикалық тәсіл постклассикалық ғылымның феномені ретінде ғаламның тілдік бейнесін зерттейтін тиімді әдіс болып табылады. Бүгінде ол табиғаттағы күрделі жүйелер мен үдерістерді зерттеудің қатарында тілді зерттеудің де әдіснамасы ретінде қолданыла бастады. Тіл білімінде салыстыру, салғастыру, топтастыру, жүйелеу сияқты дәстүрлі әдістермен қатар басқа эксперименттік әдістердің де қолданылатыны белгілі. «Синергетика» ұғымы негізінен, физика-химиялық құбылыстардың іштей өзіндік ұйымдасуын зерттеуге қатысты қолданылып, қалыптасқан термин.

Сөздің құдіреті, оның оқырманға әсер ету күші поэтикалық мәтіндерде ерекше көрініс табады. Синергетика тәсілі арқылы поэтикалық мәтіннің терең мағынаның пайда болуының тетіктерін табуға мүмкіндік береді. Синергетика теориясының негізін салушылардың бірі Г. Хакен күрделі сызықтық емес жүйенің әрекеті қоршаған ортаның жағдайына байланысты деп көрсетеді. Поэтикалық мәтін үшін «қоршаған ортаның жағдайы» болып мыналар табылады:

1) *тудырушы сана*, ақынның түйсігі мен талантына байланысты туындаған өлеңдер.

2) *қабылдаушы сана*, поэтикалық мәтіннің кодын ашуды жүзеге асырады.

Поэтикалық мәтіндердің синергиялылығы контексте маркерлердің сапасы мен саны арқылы анықталады. Поэтикалық мәтіндерге зерттеу жүргізген Е.Ю. Муратованың пікірінше, синергетикалық тәсіл поэтикалық мәтіндегі терең құбылыстардың механизмдеріне жаңаша қарауға жол ашады. Ғалым Е. Муратова мәтіннің синергетикалық коэффициентін анықтау үшін мынадай формула енгізген: $СК = A/N$, мұндағы А – маркер саны, N – шумақ саны (Муратова, 2012).

М.Мақатаев өлеңдеріне жасалған талдау негізінде лингвосинергетика мәселесі жан-жақты сипаттауды постклассикалық емес деп аталатын жаңа ғылыми парадигма аясында қарастыруға болады. Егер классикалық ғылым жабық жүйелердегі үдерістерді зерттеумен айналысса, қазіргі ғылымның басты бағыты – оны ғылыми үдеріс барысындағы ғана емес, сонымен қатар даму үстіндегі ашық, өздігінен іштей дамиды жүйелер әлемінде тану. Мысалы, Мұқағали ақынның «Біздің таулар керуендей шұбалған» деген өлеңін алар болсақ:

*Біздің таулар керуендей шұбалған,
Күнді өздері батырған да шығарған.
Тұлғаларын тұңғиыққа суарған,
Олар биік тұманнан да мұнардан.*

*Сенсең бөрік, сәлде шалған – атамдар,
Желкен бұлттар – желкілдеген сақалдар.
Өркеш-өркеш маң-маң басқан атандар,
Біздің таулар – аяқталмас сапарлар.*

*Көшін тартып, көше-көше сабылып,
Көш бастаушы бағытынан жаңылып.
Біздің таулар – тоқтап қалған керуен,
Сахараның сағымына аңырып.*

Жоғарыда берілген өлең 12 жолдан тұрады, 10 маркер қолданылады. *Керуендей шұбалған, тұлғаларын тұңғиыққа суарған, сенсең бөрік, сәлде шалған – атамдар, өркеш-өркеш маң-маң басқан атандар, аяқталмас сапарлар, көш бастаушы, тоқтап қалған керуен.* Жол саны – 12. Мәтіннің синергетикалық коэффициенті – 0,83.

Мысалы Мұқағали ақынның 12 жолдан тұратын «Жыр-ошақ» деген өлеңін алар болсақ:

*Күмілжіп, күйің келмей тұр ма, жаным?..
Қояйын бір сапырып жыр қазанын.
Біле ме жұрт, білмей ме, бимағлұм,
Тарғыл тасты таулардың бір қазағын.*

*Бәрібір, сенсін мейлі, сенбесін көп,
(Менің ойым менімен жерге сіңбек...)
Жыр-ошақтың өтемін отын үрлеп,
Қара өлеңі қазақтың сөнбесін деп.*

*Батар, кетер келмеске күнім менің,
Қалар бірақ киелі тілім менің.
Қасіретті шақтардан түңілгенде,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.*

Жоғарыда берілген өлең 12 жолдан тұрады, 8 маркер қолданылады. Шумақтағы жол саны – 12. Мәтіннің синергетикалық коэффициенті – 0,66. Демек бұл өлеңнің жоғарыдағы өлеңге карағанда мәтін синергетикалылығы төмен деуге болады. Аталған формула арқылы синергетикалық мәтінде терең кодталған маркерлерді толық көрсете алмауы да мүмкін.

*Қалқам,
Мен Лермонтов, Пушкин де емен,
Есенинмін демедім ешкімге мен,
Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.
Жат жерді жастанғанда жазатайым,
Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым.
...Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын,
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым.
Түзу-түзу тілінген таспадайын,
Қамшы өремін таспадан басқадайын.
Қаламасаң қамшымды аулақ жүргін.
Қараша үйдің есігін ашпа, ағайын!
Түзу-түзу жыртылған аңыздайын,
Аңызыма неге нәр тамызбайын.
Қара өлеңі қазақтың қаза болса,
Қара көзден неге қан ағызбайын.
Іздемпаздық менің де бар өнерім,
Будан жасап бидай мен тары егемін.
Қазан-миым бәрін де қайнатады.
Дара қойып қазақтың қара өлеңін.
Ақынмын деп қалай мен айта аламын,
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.
...Күні киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып, өзіне қайтарамын...*

Мысалдардағы өлең жолдарында кездескен «сеңсең бөрік, сәлде, қазан, ошақ, таспа, қамшы, күні, шекпен» сияқты қазақ халқының тұрмысында кездесетін сөздерді орнымен қолдана білуі ақынның шеберлігін көрсетіп, оның сөз қуатын күшейтіп тұр. М. Мақатаев ұлттық сананы көтеру, ояту, жаңғырту үшін тілдік бірліктерді өте ұтымды қолдана білетін, ұлттық рухты жандандыратын ұлттық тілдік тұлға екені белгілі, елдің тұрмыс-тіршілігіндегі сөздерді екшеп, іріктеп поэзиясында қолдануы қазақ сөз синергиясын айқындай түседі.

Мәдениеттің тілге қатысы жөнінде Ж.А. Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты еңбегінде былай дейді: «Этномәдени атауларды талдау негізінде «мәдениет» ұғымының тілге қатысты мәнін былай түсіндіруге болады: кез келген ұлттық мәдениеттің негізі – ортақ тілде сөйлеп, ортақ мүдде мен қағидаларға сай өмір сүріп, әрекет ететін этноұжымда қалыптасқан шындық дүниенің тұтастығы, этностың материалдық және рухани кеңістігі. Олай болса, «тіл – ұлттың тірегі, ұлт мәдениеттің негізі» деген қағидаларға сәйкес тіл мен мәдениет арасындағы байланыстың арқауы санғасыр өтсе де бар асылын өз бойында сақтап, еш шашусыз жиып, болашаққа жеткізетін тілдің құдіреті – кумулятивтік қызметі негізінде шешіледі. Нақты түрдегі оның тілдік көріністері: материалдық мәдениет (тұрақ, киім, тамақ, тұрмыс бұйымдары, еңбек құралдары т.б.) және ұлттық тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып, жеткізілетін рухани мәдениет (салт-дәстүр, миф, өнер, дін, тәлім-тәрбие, көркем мәтін т.б.) және ұлттық психология, таным тұрғысынан жасалатын рәміздік жүйе, сакрализация тәсілімен сақталатын өнер, археология туындылары т.б. атаулары» (Манкеева, 2008). Өлеңсөздерде кездесетін заттық мәдениет атауларының көбі жалпы адамзатқа тән. Бірақ оларға көзқарас

білдіріп, баға беруде ұлттық ерекшеліктерді байқаймыз.

Қозыкөш жер қырғыннан ұзағанда,

Құлын дауыс естілді шырылдаған.

Өлеңсөздегі *қозыкөш жер* сөзін ақын өте ұтымды, тиімді қолдана отырып, тағы да қазақы дүниетанымнан ақпарат беріп отыр.

ҚОЗЫКӨШ: қозыкөш жер. э т н. Х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. *Тым шалғай емес, тез көшіп жететіндей жер* (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011).

Бүгінгі күні бұл сөздер (этнографизмдер) күнделікті қолданыста өте сирек қолданылатын сөздерге айналып жатыр. Ал негізінде тілдің кумулятивтік қасиеті халықтың этномәдени өмірі туралы ақпараттарды беретін, жеткізетін осы этнографизмдер екені айдан анық.

Бұны ғалым Ә. Қайдар былай дәйектейді: «Этнографизмдер дегеніміз – тұрмысымызда болған, әлі де қолданылып келе жатқан күнкөріс бұйымдардың белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011).

Сонымен этнографизмдер ғасырлар құпиясын бойына сақтап, ғылым тілімен айтқанда «кумулятивтік» қызметін танытады. Этнотілдік деректерді мәңгілікке сақталатын сарқылмайтын асыл қазына деуге болады.

Шындық дүниедегі адамдарды қоршаған заттар мен құбылыстардың тілдегі атаулары арқылы дүниені танимыз және танытамыз. Ал, сөздерді қажетіне қарай қолдану арқылы ойымызды жеткізе аламыз. Осы тұрғыдан көркем сөз авторының көркем ойлауы, шеберлігі, мәтінтүзуші бірліктерді ұтқыр қолдана отырып, оқырманға өз идеясын, ойын жеткізе алуы, яғни тілді толық игеріп, шебер қолдануы аса маңызды.

Демек, поэтикалық мәтіннің идеясын, оқырман түсіне алатындай, оқырманға ықпал ете алатындай, қандай тілдік бірліктермен бергенін, сол арқылы оқырманның эмоциясын, шығармашылық белсенділігін оятуға қалай бағытталғанын прагматикалық зерттеу анықтайды.

Бұл жайлы Г. Әзімжанова: «Автор оқырманның мәтінді қиындықсыз қабылдауын ескеріп, елеп-екшеп отырады. Бұл қағида – автордың көздеген *прагматикалық бағдары* деп аталады, және де «Прагматиканың басты мақсаттарының бірі – сөздің қолданылу ережесін түсіндіру және қалай түсіндірілетінін анықтау» деп көрсетеді (Әзімжанова, 2007).

Шын мәнінде олар қазақ халқының өзіне ғана тән тілдік бірліктер ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы ұлтымыздың құндылықтарын өз деңгейінде ұстап тұруда, басқа халықтан ерекше екенінен хабар беретін, өзіндік мәдениеті бар, өзіндік тілдік қоры бай халық екенін танытудағы таптырмас асыл қазынамыз екені қазіргі тіл арқылы ұлт болмысын танытатын этнолингвистика, лингвомәдениеттану т.б. пәндер арқылы анықталып отыр.

Тілді зерттеудің қазіргі замандағы антропоэлектік парадигмасының шеңберінде көркем мәтін тілін лингвопрагматикалық аспектіде кешенді қарастыру суреткердің шығармашылық қолданысындағы тіл қызметіне сәйкес сөз әлеуетін сипаттайды. Соның нәтижесінде тіл тек символдар, паремиологиялық, фразеологиялық жүйе, прецеденттік, сакралды атаулар мен метафоралар құрылымдалған шығармашылық кеңістікте және автордың өзара танымдық көркем әлеміне сай окказионалдық сипатта әрі қарай дамитын ашық жүйе ретінде талданып, көркем коммуникативтік прагматикасы танылады.

«Қазіргі бәрі бір қалыптан шыққандай ұқсас, сұр да жұтаң дүниелер адам жанына ляззат беріп, еңсесін көтермейді, қарағанда санасына ұлттық сәуле құймайды. Сондықтан тілімізде сақталған, әсем жырлар арқылы жатталған киім атаулары арқылы жас қрпақ халық мұрасы секілді сан ғасыр бұрын болған озық үрдісті танып біліп, тұнық бастауына

қайта оралса, ұлттық мәдениетіміздің шын мәніндегі қайта жаңғыруына септігін тигізері сөзсіз. Тілдің танымдық, тәрбиелік мәнінің өзі де осында» (Ермекова, 2010).

Осыған орай лингвистердің көркем мәтін тілін талдау барысындағы зерттеушілік өрісі тілдің имманенттік құрылыс кеңістігімен шектеліп қоймайды. Антропоэзеттік парадигмада, соның ішінде лингвосинергетика парадигмасы арқылы тіл қызметі статикалық күйде емес, динамикалық сөз үдерісінде, ашық жүйе ретінде кешенді сипатта талданады.

Ғаламның тілдік бейнесі әр тілде әртүрлі болады. Себебі индивид сол тілдің семантикалық базасында тілді меңгереді. Осы кезде тілдегі мәдени құндылықтар сөздердің мәні арқылы ұлттық мінез бен ұлттық менталитетті қалыптастырады. Осы орайда тілші ғалым Г. Смағұлова былай дейді: «Тіл бір адамның меншігі емес десек те, сол тілде сөйлейтін жеке адам өз ұлтының бүкіл бітім болмысы, өмірлік тәжірибесін, дәстүрлерін меңгеру, сіңіру арқылы ол да аз тарапынан ұжымдық мәдениетке үлесін қосады. Осындай ерекшеліктер арқылы тұлға ретінде ұлт өкілі боп сақталады (Смағұлова, 1998). Демек, М.Мақатаев тіліндегі ғаламның тілдік бейнесінің ерекше болуы, яғни ұлттық нақышта ұлтжандылық маркерлердің кездесуі олардың өз ана тіліндегі барлық сөздердің мәнін түсініп, ұлттық таным тұрғысынан шегеленуінде, сол деңгейде өсіп-өнуінде жатыр деп ойлаймыз.

Г. В. Колшанский ғаламның тілдік бейнесі мынадай анықтама береді: «Шынайы, тілдік емес, әртүрлі топтағы адамдардың тарихи, жағрафиялық, мәдени және басқа да факторлар ықпалымен біртұтас объективті әлем шеңберінде жүзеге асқан танымдық қызметінің көрінісі» (Колшанский, 1990). Демек, «ғаламның тілдік бейнесі» адам санасында өмір сүру тәжірибесіне қатысты қалыптасып, соның әсерінен тілде өзгеріске түсіп, дамып отыратын ақпараттар жүйесі. М.Мақатаев тіліндегі қазақ ұлтының кейпі оның шығармаларындағы ғаламның бейнесі ретінде байқалады. Мұны, әрине, концептілік құрылымнан ерекше нақышта көруге болады.

Бұл әрқашан даму үстіндегі күрделі жүйе ретінде бағаланатын поэтикалық мәтіндерді лингвосинергетикалық тұрғыда зерттеу мақсатын белгілейді. Осыған орай қолданылған лингвосинергетикалық тәсіл арқылы поэтиканың дискурстық кеңістікте сызықтық емес үдерістегі мағыналық бейнелерінің энергиялық күші мен дискурстық кеңістіктегі қозғалысы анықталып, дискурс күрделі ашық сызықтық емес жүйелер аясында қарастырылады. Соның нәтижесінде синергетикалық тәсіл арқылы талданған Мұқағали Мақатаевтың поэтикалық мәтіндерінің көркемдік ерекшеліктерін айқындайтын көркем сөз қуатының қозғаушы күштері жаңаша көрсетіледі.

Қорытынды

Қорытындылай келсек, әр заманның өзіндік ғаламның бейнесі тілді қолданушыларға әсерін беріп, келесі дәуір көрінісінің баспалдағы болады. Ғаламның тілдік бейнесі адамда ғана көрінетін, оның тілдік ерекшелігінен байқалатын тілдік бірлік. М.Мақатаевтың барлық өлеңсөздерінде қоршаған орта, әлемге деген баға ұлтжандылық, ұлтты сүю тұрғысынан берілетіні байқалады. Қазақ кестелі сөзінің қуатын, құдіретін, яғни синергетикалық мәтіннің сипатын күшейте түседі.

Осылайша, синергетикалық тәсіл арқылы поэзия тілінің күрделі мағыналарын ашуға, бұрын-соңды ашылмай келе жатқан тұстарын тереңдеп зерттей түсуге жол ашатын бірден бір тәсілдердің біріне айналып, поэтикалық мәтіннің қыр-сырларын тани отырып, ақынның тілдік тұлғасын анықтауда оның тілінің синергиялық өзегін құрайтын ұлтжандылық танымын айқындай аламыз.

Әдебиеттер

Хакен Г. (1980) Синергетика. М.: Мир, 1980. С. 404.

- Чернавский Д. С. (2004) Синергетика и информация. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 288 с.
- Князева Е. Н., Курдюмов С. П. (1994) Законы эволюции и самоорганизации сложных систем. – М.: Наука, 1994. – 238 с.
- Фокина З.Т. (2011) Парадигмальное значение синергетики: теоретические и практические аспекты // Вестник МГСУ №4/2011. С. 423-427.
- Юдин Б.Г. (1970) Методологические проблемы исследования самоорганизующихся систем // Проблемы методологии системного исследования. М.: Мысль, 1970 С. 360-361.
- Герман И.А., Пищальникова В.А. (1990) Введение в лингвосинергетику [Текст]: Монография / И.А. Герман, В.А. Пищальникова. – Барнаул: Издво Алт. ун-та, 1999. – 130 с. 9
- Дрожащих Н.В. (2012) Введение в динамическую синергетику языка [Текст]: монография / Н.В. Дрожащих. – Тюмень: Изд-во ТюмГУ, 2012. – 252 с.
- Манкеева Ж. (2021) Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы, Қазақ ұлттық университеті, 2021. 272-бет.
- Муратова Е.Ю. (2012) Синергетический анализ поэтического текста // Вестник РУДН. Серия Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2012, №2.
- Манкеева Ж.А. (2008) Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. -356 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. (2011) – Алматы, 2011. 1486 б.
- Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті. – Алматы, 2007. – 325 б. (2007)
- Ермекова Ж.Б. (2010) Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2010. – 140 б.
- Смағұлова Г.Н. (1998) Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 292 б.
- Колшанский В.Г. (1990) Объективная КМ в познании и языке. – М., 1990.

References

- Haken G. (1980) Sinergetika. M.: Mir, 1980. S. 404. [Haken G. (1980) Synergetics. Moscow: Mir, 1980. p. 404.] `(in Russian)
- Chernavskij D. S. (2004) Sinergetika i informaciya. – M.: Editorial URSS, 2004. – 288 s. [Chernavsky D. S. (2004) Synergetics and information. – M.: Unified URSS, 2004. – 288 p.] `(in Russian)
- Knyazeva E. N., Kurdyumov S. P. (1994) Zakony e'vol'yucii i samoorganizacii slozhnyx sistem. – M.: Nauka, 1994. – 238 s. [Knyazeva E. N., Kurdyumov S. P. (1994) The laws of evolution and self-organization of complex systems. – M.: Nauka, 1994. – 238 p.] `(in Russian)
- Fokina Z.T. (2011) Paradigmал'noe znachenie sinergetiki: teoreticheskie i prakticheskie aspekty // Vestnik MGSU №4/2011. S. 423-427. [Fokina Z.T. (2011) The paradigmatic meaning of synergetics: theoretical and practical aspects // Bulletin of MGSU No. 4/2011. pp. 423-427.] `(in Russian)
- Yudin B.G. (1970) Metodologicheskie problemy issledovaniya samoorganizuyushhixsya sistem // Problemy metodologii sistemnogo issledovaniya. M.: Mysl', 1970 S. 360-361. [Yudin B.G. (1970) Methodological problems of research of self-organizing systems // Problems of methodology of system research. Moscow: Mysl, 1970 pp. 360-361.] `(in Russian)
- German I.A., Pishhal'nikova V.A. (1990) Vvedenie v lingvosinergetiku [Tekst]: Monografiya / I.A. German, V.A. Pishhal'nikova. – Barnaul: Izdvo Alt. un-ta, 1999. – 130 s. 9 [Herman I.A., Pishchalnikova V.A. (1990) Introduction to linguosynergetics [Text]: Monograph / I.A. Herman, V.A. Pishchalnikova. – Barnaul: Publishing house Alt. un-ta, 1999. – 130 p. 9] `(in Russian)

Drozhashih N.V. (2012) Vvedenie v dinamicheskuyu sinergetiku yazyka [Tekst]: monografiya / N.V. Drozhashih. – Tyumen': Izd-vo TyumGU, 2012. – 252 s. [Drozhashih N.V. (2012) Introduction to the dynamic synergetics of language [Text]: monograph / Drozhashih N.V. – Tyumen: Publishing House of TSU, 2012. – 252 p.] (in Russian)

Mankeeva Zh. (2021) Qazaq sozinin sinergiyasy. – Almaty, Qazaq ulttyq universiteti, 2021. 272-bet. [Mankeeva Zh. (2021) Synergy of the Kazakh word. – Almaty, Kazakh National University, 2021. P. 272.] (in Kazakh)

Muratova E.Yu. (2012) Sinergeticheskij analiz poe'ticheskogo teksta // Vestnik RUDN. Seriya Teoriya yazyka. Semiotika. Semantika. – 2012, №2. [Muratova E. Yu. (2012) synergistic analysis of the poetic text // Bulletin of RUDN. Series theory language. Semiotics. Semantics. – 2012, №2.] (in Russian)

Mankeeva Zh.A. (2008) Qazaq tilindegi e'tnomadeni ataulardyn tanymdyq negizderi. – Almaty: Zhibek zholy, 2008. -356 b. [Mankeeva Zh. (2008) Cognitive foundations of ethnocultural names in the Kazakh language. – Almaty: Zhibek Zholy, 2008. – 356 P.] (in Kazakh)

Qazaq әдеби тілінің сөздігі. (2011) – Almaty, 2011. 1486 б. [Dictionary of the Kazakh literary language. (2011) – Almaty, 2011. 1486 P.] (in Kazakh)

Azimzhanova G. (2007) Qazaq kerkem proza matininin pragmatikalyk aleueti. – Almaty, 2007. – 325 b. (2007) [Azimzhanova G. (2007) Pragmatic potential of the Kazakh artistic prose text. – Almaty, 2007. – 325 P.] (in Kazakh)

Epmekova Zh.B. (2010) Magzhan Zhumabaevtyñ tildik tulgasy: filol. ғыл. kand. ... dıcc. – Almaty, 2010. – 140 b. [Yermekova Zh. (2010) The linguistic personality of Magzhan Zhumabayev: philol. science. cand. ... diss. – Almaty, 2010 – 140 p]. (in Kazakh)

Smagulova G.N. (1998) Magynalas fpazeologizmderdin ulttyk-madeni aspektilepi. – Almaty: Gylym, 1998. – 292 b. [Smagulova G. N. (1998) National and cultural aspects of Semantic phraseology. – Almaty: Gylym, 1998 – 292 p.] (in Kazakh)

Kolshanckij V.G. (1990) Ob"ektivnaya KM v poznanii i yazyke. – M., 1990. [Kolshansky V. G. (1990) objective km in the language and language. – M., 1990.] (in Russian)